

Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты мәліметтерді беру үшін банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салуды жіберу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 26 қыркүйектегі N 433 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 18 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3900. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 625 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2008.12.29 N 625 Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 16-бабының 1-тармағы 9) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты мәліметтерді беру үшін банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салуды жіберу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М.Қыпшақов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Салық комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары Н.Д.Үсеноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

КЕЛІСІЛДІ

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы
ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у

Агенттігінің Төрағасы

2005 жылғы 20 қыркүйек

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң

С а л ы қ к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 қ ы р к ү й е к т е г і

N 433 бұйрығымен бекітілген

Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты мәліметтерді беру үшін банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салуларды жіберу ережесі

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 16-бабына сәйкес әзірленген және салық қызметі органдарының сұрау салуларды жіберуі мен банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың әрекетсіз заңды тұлғалардың банкі шоттарының бар-жоқтығы мен нөмірлері жөнінде, осы шоттарда ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтерді (бұдан әрі - ақпарат) беру тәртібін айқындайды.

2. Салық кодексінің 525-бабы 2-тармағына сәйкес әрекетсіз заңды тұлға болып корпорациялық табыс салығы туралы декларацияны немесе жеңілдетілген декларацияны Салық кодексінде белгіленген оларды беру мерзімінен бір жыл өткеннен кейін бермеген заңды тұлға танылады, бұған аталған декларацияларды беру жөніндегі талаптар қолданылмайтын салық төлеушілер қосылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарып тастау үшін әрекетсіз заңды тұлғаны айқындау рәсімі жылына бір рет жүзеге асырылады.

4. Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты ақпаратты алу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі - Салық комитеті) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салуларды ақпаратты технологияларды пайдаланумен электронды түрде жібереді және оның орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

5. Алған сұрау салулар негізінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ақпаратты технологияларды пайдаланумен электронды түрде Xml-форматта Салық комитетіне орталықтандырылған тәртіпте тапсырады.

6. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сұрау салуларды алған күннен отыз күнтізбелік күн ішінде осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысанда әрбір әрекетсіз заңды тұлға бойынша ақпаратты Салық комитетіне тапсырады.

7. Ақпаратты әрекетсіз заңды тұлғаның барлық банкі шоттары бойынша оны жіберу күнінен бастап тапсырылады.

8. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан ақпарат Салық комитетінің ақпараттық жүйесінің орталық деңгейіне

келіп түседі және әрекетсіз заңды тұлғаны тіркеу орны бойынша салық органдарына жіберіледі.

9. Салық органдары заңды тұлғаға қатысты ақпаратты алысымен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген іс-шаралар қабылдайды.

10. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіппен шешіледі.

Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты мәліметтерді беру үшін банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салулар

жіберу ережесіне қосымша

200__ жылдың "__" _____ 200__ жылдың "__" _____ мерзімі үшін әрекетсіз заңды тұлғалардың банкі шоттарының бар-жоқтығы мен нөмірлері жөнінде, шоттарда ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер

р/с N	Әрекетсіз заңды тұлға		банкі шоттарын ашқан банкінің, оның құрылымдық бөлімшесінің деректемелері			банкі шотының түрі	шоттың валютасы	шоттың нөмірі	Кезең басындағы банкі шотында ақшаның қалдығы
	СТН	атауы	СТН	БЖК	атауы				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<p>Әрекетсіз заңды тұлғалардың банкі шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы</p> <p>банкі шотына ақшаның түсуі</p>									
күні	төлемнің сомасы	ақшаны жіберуші		жіберуші-банкінің деректемелері			төлемнің мақсаты		
		СТН	атауы	СТН	БЖК	атауы			
11	12	13	14	15	16	17	18		
<p>Әрекетсіз заңды тұлғалардың банкі шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы</p>									Кезең соңындағы

банкi шотынан ақшаны аудару								банкi шотында ақшаның қалдығы
күні	Төлем- н і ң сомасы	Ақшаны алушы		алушы-банкiнiң деректемелерi			төлем- н і ң ма қ- саты	
		СТН	атауы	СТН	БЖК	атауы		
19	20	21	22	23	24	25	26	27

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ